**Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектеп»**

**2023-2024 оқу жылындағы мектептегі сынып сағаттарының жүзеге асырылуы**

Биылғы оқу жылында сынып сағатыныың мазмұнына және тәрбиелеу мен оқытудың жаңа тәсілдерін енгізуге қойылатын талаптарды қамтамасыз етілді.

Тәрбие жоспарлары зерделенді, сынып жетекшілерімен әңгімелесу өткізілді. Сынып жетекшілеріне жоспар құрудың жалпы құрылымы ұсынылды, тапсырмалар әр тоқсанға жұмыс жоспарын жасау кезінде нақтыланады.

Сонымен қатар, сынып жетекшілерінің ДТІЖО жоспарында бар:

- Нормативтік-құқықтық база.
- Қауіпсіздік техникасы.
- Сыныптың әлеуметтік паспорты.
- Өткен оқу жылына талдау.
- Мақсат қою.
- Сынып сипаттамасы
- Өзін-өзі басқару құрылымы.
- Қауіпсіздік сағаттары және тақырыптық сынып сағаттары.
- Ата-аналармен жұмыс.
- Қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыс.
- Оқушыларды сыныптан тыс жұмыстармен қамту.

Барлық сынып жетекшілерінің 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары бар. ТІЖО жоспарлары жеке тұлғаға бағытталған және белсенді көзқарастар принциптерін ескере отырып жасалады, бұл олардың мазмұнында көрініс тапты: балалардың қажеттіліктері мен мүдделерін іске асыруға, оларды дамытуға, балаларды әртүрлі іс-шараларға белсенді қосуға бағдарлау. Сынып жетекшілерімен бірге ТІЖО жоспарларынан басқа, сынып жетекшілері әртүрлі іс-шараларды өткізуге арналған әдістемелік әдебиеттерге ие. Жалпы жоспарланған қызмет тәрбие жұмысының жалпы мектептік жылдық жоспарына сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу -тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатының негізінде әр аптаның дүйсенбі күні сынып сабақ кестесіне енгізілді. Бір тұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында тәрбие сағаттарының тиімділігі бойынша 1-11 сынып оқушыларына сынып сағатының мазмұнына және тәрбиелеу мен оқытудың жаңа тәсілдерін енгізуге қойылатын талаптарды қамтамассыз етіп отырады. Сынып сағаттарын бақылау, талдау, сұқбаттасу барысында сынып жетекшілердің тәрбие сағаттарын заманауи білімдерімен,әр түрлі слайдтармен көрнекіліктермен тәрбие сағаттарын өткізіп отырады.

«ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘРБИЕ» жобасы

жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу жүйесі болып табылады. Құндылық дегеніміз біздің ойымыз бен мінез-құлқымызды басшылыққа алатын принцип.Бұл жоба мектептің тәрбие жүйесін жүйелендіруге бағытталған. ҚҰНДЫЛЫҚТАР жүйесі мектебіміздегі тәрбие үрдісін толыққанды қамтиды және тәрбие жүйесін жүйелендіруге көмектеседі.

ЖОБАНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ: тәрбиенің негізгі 3 бағытын қамтиды. Олар – Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап.

Бұл жобадан күтілетін нәтиже: Ұлттық құндылықтар:

**ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:**

Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; Қазақ тілінің қолдану

аясын кеңейту; Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; Қоғам игілігі үшін қызмет ету; Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:**

Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді Елінің тарихын құрметтейді; Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді; Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:**

Академиялық адалдық қағидатын қолдау; Адал еңбекті құрметтеу; Сөзіне берік, ісіне адал болу; Халқына адал қызмет ету Әдеп нормаларын ұстану; Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:**

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; Достарын, сыныптастарын сыйлайды; Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:**

Сыни және креативті ойлау; Жеке және командамен жұмыс істей білу; Білуге, жаңаны тануға құштар болу; Физикалық белсенді болу; Салауатты өмір салтын ұстану; Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;Дұрыс қарым-қатынас орната білу; Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:**

Жан мен тән тазалығын сақтайды; Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; Ізденімпаз, жасампаз тұлға.Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Әр буынның оқушысына берілетін тәрбиенің мазмұны мен ойындар үлгісі өзгеше әзірленеді. Бастауыш оқушылары үшін құндылықтар негізін қалау – жеңіл тілмен түсіндіре отырып, эксперименттермен көз жеткізу арқылы жүзеге асады. Өтпелі кезеңде жүрген орта буын оқушылары үшін жақсы мінез қалыптастыруға және өз қабілеттерін анықтауға бағыттайтын жұмыстар беріледі.

-Ал жоғары сынып оқушылары үшін болашақ кәсіп иесі, елінің саналы азаматы және қоғамның беделді мүшесі болу деген көзқарасқа басымдық беріледі. Олардың саналы түрде жетілуіне бағдар беріліп, тұлғалық дамуының қажеттілігін сезінуді насихаттайды.

ДТІЖО М.А.Аманкулова
А.А.Менлибекова